

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 наурыз N 277. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.12. N 1063 қаулысымен. ~P001063

Қазақстан Республикасы Конституциясының, әрбір азаматтың қай ұлтқа жататындығын көрсету немесе көрсетпеу құқығын айқындайтын, 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256 P930256_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 124-бап) бекітілген Қазақстан

Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережеге мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1-тармақтың бірінші абзацындағы "бәріне" сөзі алынып тасталсын;
- 3-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда берілсін:
" - ұлты (паспорт иесінің қалауы бойынша көрсетіледі) және азаматтығы";
- 4-тармақтың бесінші абзацы "(жеке куәлік иесінің қалауы бойынша көрсетіледі)" сөздерімен толықтырылсын;
- 11-тармақтың екінші және бесінші тармақтары алынып тасталсын;
- 24-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі